

## **"Павлодар алюминий зауыты" акционерлік қоғамында стратегиялық меншік иесін қалыптастыру туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің ҚАУЛЫСЫ 1995 жылғы 11 қазан N 1318

Боксит-глинозем кешені кәсіпорындарын сауықтыру және инвестиция бөлуге тартылатын стратегиялық иесін қалыптастыруды аяқтау, сондай-ақ мемлекеттік акциялар пакетін сатудан ақшалай қаражаттың республиканың мемлекеттік бюджетіне түсуін қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитеті:

"Павлодар алюминий зауыты" акционерлік қоғамының жарғы қорының 20 проценті көлемінде мемлекеттік акциялар пакетінің бір бөлігін сату үшін, бір апта мерзімде Қазақстан Республикасының Жекешелендіру жөніндегі мемлекеттік комитетіне берсін;

"Павлодар алюминий зауыты" акционерлік қоғамына инвестициялар тарту туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1995 жылғы 1 қыркүйектегі N 1215 қаулысына және осы қаулыдан туындайтын Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитеті мен "Уайтсвен Лимитед" фирмасы арасындағы 1994 жылғы 13 желтоқсандағы N 22-51/42 басқару туралы шартқа бір ай мерзімде қажетті толықтырулар енгізілсін.

2. Қазақстан Республикасының Жекешелендіру жөніндегі мемлекеттік комитеті "Павлодар алюминий зауыты" акционерлік қоғамының жарғы қорының 20 проценті көлемінде мемлекеттік акциялар пакетінің бір бөлігін келісілген шарттармен белгіленген инвесторға - "Уайтсвен Лимитед" басқарушы фирмасына екі апта мерзімде сатсын.

3. "Павлодар алюминий зауыты" акционерлік қоғамының мемлекеттік акциялар пакетінің сатылмаған бөлігі Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитетінің иелігінде қалдырылсын.

4. "Павлодар алюминий зауыты" акционерлік қоғамына инвестициялар тарту туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1995 жылғы 1 қыркүйектегі N 1215 1-тармағындағы 3-тармақшасының күші жойылған деп танылсын.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-министрі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК